

ARG

ПЕРФОРАТОР ARH800



Бірінші рет пайдалану алдында пайдалану бойынша нұсқауларды және қауіпсіздік техникасы бойынша ақпаратты оқып, орындаңыз. **Осы жетекшілікті сақтаңыз.**

Қазақ тілі

Электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы ескертулер

Барлық қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулерді және барлық нұсқаулықтарды оқыңыз.

Ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтамау электр тогымен зақымдануға, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

Кейін пайдалану үшін барлық ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтаңыз.

Ескертулердегі "электр құралы" термині желілік (сымдық) немесе аккумуляторлық (сымсыз) қоректенуі бар электр құралына қатысты.

1) Жұмыс аймағының қауіпсіздігі

a) **Жұмыс аймағының тазалығы мен жақсы жарықтандырылуын сақтаңыз.** Ыбырсытылған немесе қараңғы аймақтар жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.

b) **Жарылыс қауіпті атмосферада, мысалы, жеңіл тұтанатын сұйықтықтар, газдар немесе шаң болған кезде электр құралдарымен жұмыс жасамаңыз.** Электр құралдары шаңды немесе булануды тұтатуы мүмкін ұшқындар жасайды.

c) **Электр құралымен жұмыс істеу кезінде балалар мен бөгде адамдарды оған жақындатпаңыз.** Алдарқататын факторлар бақылаудың жоғалуына әкелуі мүмкін.

2) Электр қауіпсіздігі

a) **Электр құралдарының штепсельдері розеткаға сәйкес келуі керек.** Ешқашан штепсельді қандай да бір жолмен түрлендірмеңіз. Жерге тұйықталған (жерге тұйықтайтын) электр құралдары бар өтпелі штепсельдерді пайдаланбаңыз. Түрлендірілмеген штепсельдер мен сәйкес келетін розеткалар электр тогымен зақымдану қаупін азайтады.

b) **Дененің құбырлар, радиаторлар, пештер және тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған немесе жерге тұйықтайтын беттермен жанасуына жол бермеңіз.** Егер сіздің денеңіз жерге тұйықталса, электр тогымен зақымданудың жоғары қаупі бар.

c) **Электр құралдарын жаңбырдың немесе ылғалды жағдайлардың әсеріне ұшыратпаңыз.** Электр құралына судың түсуі электр тогымен зақымдану қаупін арттырады.

d) **Баусымның дұрыс пайдаланылмауына жол бермеңіз.** Электр құралын тасымалдау, тарту немесе ажырату үшін ешқашан баусымды пайдаланбаңыз. Баусымды жылудан, майдан, өткір жиектерден және қозғалатын бөліктерден алыс ұстаңыз. Зақымдалған немесе шатастырылған баусымдар электр тогымен зақымдану қаупін арттырады.

- e) **Ашық ауада электр құралымен жұмыс істеген кезде, үйжайдан тыс пайдалануға жарамды ұзартқышты пайдаланыңыз.** Үйжайдан тыс пайдалануға жарамды баусымды пайдалану электр тогымен зақымдану қаупін азайтады.
- f) **Егер ылғалды үйжайда электр құралымен жұмыс істеу сөзсіз болса, қорғаныстық сөндіру құрылғысымен (ҚСҚ) қорғалған қоректену көзін пайдаланыңыз.** ҚСҚ пайдалану электр тогымен зақымдану қаупін азайтады.
- 3) Жеке қауіпсіздік**
- a) **Сақ болыңыз, не істеп жатқаныңызды қадағалаңыз және электр құралымен жұмыс істеген кезде дұрыс мағынаны пайдаланыңыз.** Сіз шаршаған кезде немесе есірткі, алкоголь немесе дәрі-дәрмек әсер еткен кезде электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралдарымен жұмыс істеген кездегі зейінсіздік елеулі жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- b) **Жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз. Әрқашан көзді қорғау құралдарын пайдаланыңыз.** Тиісті жағдайларда пайдаланылатын, шаң маскасы, тайғақ емес қорғаныс аяқ киімі, дулыға немесе есту органдарын қорғау құралдары сияқты қорғаныс құралдары жарақат алу қаупін төмендетуге көмектеседі.
- c) **Әдейі ойластырылмаған іске қосуға жол бермеңіз. Қоректену көзіне және/немесе аккумуляторлық блокқа қосу алдында, құралды алу немесе тасымалдау алдында айырақосқыштың сөндірілген жайғасымда тұрғанына көз жеткізіңіз.** Саусақты ажыратқышта ұстап, электр құралдарын тасымалдау немесе айырақосқыш қосулы кезде электр құралдарын қосу жазатайым оқиғаларға әкеп соғады.
- d) **Электр құралын қоспас бұрын реттеу немесе сомын кілтін алып тастаңыз.** Сомын кілті немесе электр құралының айналмалы бөлігінде қалдырылған кілт жарақатқа әкелуі мүмкін.
- e) **Шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Әрқашан аяқтардың орнықты орналасуы мен тепе-теңдікті сақтаңыз.** Бұл күтпеген жағдайларда электр құралын жақсы бақылауға мүмкіндік береді.
- f) **Дұрыс киініңіз. Бос киім мен әшекейлер кимеңіз. Шашыңызды, киіміңізді және қолғаптарыңызды қозғалатын бөліктерден алыс ұстаңыз.** Бос киім, әшекейлер немесе ұзын шаштар қозғалатын бөлшектерде кептеліп қалуы мүмкін.
- g) **Егер шаңды кетіру және жинау құралдарын қосуға арналған құрылғылар көзделсе, олардың жалғанғанына және дұрыс пайдаланылатынына көз жеткізіңіз.** Шаң жинауды пайдалану шаңға байланысты қауіпті азайтуы мүмкін.

- 4) Электр құралдарын пайдалану және күту**
- a) **Электр құралына күш қолданбаңыз. Жұмыс үшін жарамды электр құралын пайдаланыңыз.** Дұрыс таңдалған электр құралы жұмысты ол әзірленген жылдамдықпен жақсырақ және қауіпсіз орындайды.
 - b) **Егер айырақосқыш оны қоспаса және сөндірмесе, электр құралын пайдаланбаңыз.** Айырақосқыш көмегімен басқаруға болмайтын кез келген электр құралы қауіпті және жөндеуге жатады.
 - c) **Кез келген реттеулерді орындау, аксессуарларды ауыстыру немесе электр құралын сақтау алдында штепсельді қоректену көзінен және/немесе аккумуляторлық блокты электр құралынан ажыратыңыз.** Мұндай профилактикалық қауіпсіздік шаралары электр құралын кездейсоқ қосу қаупін азайтады.
 - d) **Пайдаланылмаған электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және олармен жұмыс істеуге электр құралымен немесе осы нұсқаулықпен таныс емес адамдарды жібермеңіз.** Электр құралдары оқытылмаған пайдаланушылардың қолында қауіпті.
 - e) **Электр құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізіңіз.** Қозғалатын бөліктердің ығысуының немесе кептелуінің, бөлшектердің сынуының және электр құралының жұмысына әсер етуі мүмкін кез келген басқа жағдайлардың бар-жоғын тексеріңіз. Электр құралы зақымдалса, пайдалану алдында оны жөндеңіз. Көптеген жазатайым оқиғалар электр құралдарына нашар күтім жасау салдарынан орын алады.
 - f) **Кескіш құралдарды өткір және таза ұстаңыз.** Дұрыс қызмет көрсетілетін, өткір кескіш жиектері бар кескіш құралдар сыналануға бейім емес және оңай бақыланады.
 - g) **Жұмыс жағдайлары мен орындалатын тапсырманы ескере отырып, электр құралдарын, аксессуарларды, салмалы кескіштерді және т.б. осы нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз.** Электр құралын мақсатынан тыс пайдалану қауіпті жағдайдың туындауына әкелуі мүмкін.
- 5) Қызмет көрсету**
- a) **Электр құралына қызмет көрсетуді тек бірдей қосалқы бөлшектерді пайдаланатын білікті жөндеу қызметкерлеріне тапсырыңыз.** Бұл электр құралының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Перфоратормен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер

- **Қорғаныс құлаққаптарын киіп жүріңіз.** Шудың әсері есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- **Егер құралмен бірге жеткізілсе, көмекші тұтқаны (тұтқаларды) пайдаланыңыз.** Басқаруды жоғалту жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- **Құрал немесе бұранда жасырын сымдармен немесе өз**

қоректену баусымымен жанасуы мүмкін операцияларды орындау кезінде құралды оқшауланған ұстау беттерінен ұстаңыз. Кернеу астындағы сыммен жанасу электр құралының ашық металл бөліктерінің кернеу астында болуына және операторды токпен соғуына әкеледі.

- **Жұмыс аймағында инженерлік коммуникациялардың жасырылғанын анықтау үшін тиісті детекторларды пайдаланыңыз немесе жергілікті коммуналдық қызметтен көмек сұраңыз.** Электр желілерімен түйісу тұтануға және электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін. Газ құбырының зақымдануы жарылысқа әкелуі мүмкін. Су құбыры желісіне ену мүліктің зақымдануына әкеледі немесе электр тогымен зақымдануға себеп болуы мүмкін.
- **Құралмен жұмыс істеген кезде оны әрқашан екі қолмен мықтап ұстаңыз және аяқтарыңыздың тұрақты жайғасымын сақтаңыз.** Электр құралын екі қолмен бағыттау сенімдірек.
- **Дайындаманы бекітіңіз.** Қысқыш құрылғылар көмегімен немесе іскенжеде бекітілген дайындама қолмен бекітуге қарағанда сенімдірек ұсталады.
- **Әрқашан құралды жерге түсірмес бұрын оның толық тоқтауын күтіңіз.** Құрал ендірмесі сыналанып, электр құралына қатысты бақылаудың жоғалуына әкелуі мүмкін.

Өнімнің сипаты мен сипаттамалары

Барлық қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулерді және барлық нұсқаулықтарды оқыңыз. Ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтамау электр тогымен зақымдануға, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

Пайдалану бойынша нұсқаулықты оқыған кезде құралдың графикалық бетін жайып, оны ашық қалдырыңыз.

Болжалды пайдалану

Құрал бетонды, кірпішті және тасты тесуге, сондай-ақ оңай түйгіштеу бойынша жұмыстарға арналған. Ол сондай-ақ ағашта, металда, керамикада және пластмассада соққысыз бұрғылауға жарамды. Электрондық басқару және оңға/солға айналдыру бар құралдар сонымен қатар бұраншегелерді бұрап бекіту үшін жарамды.

Өнімнің ерекшеліктері

Бұйым сипаттамаларының нөмірленуі графикалық беттегі құралдың

иллюстрациясына сәйкес келеді.



- 1 SDS-plus патроны
- 2 Қосу/сөндіру айырақосқышы
- 3 Қосу / сөндіру айырақосқышына арналған бұғаттау батырмасы
- 4 Айналу бағытының айырақосқышы
- 5 Режимдер айырақосқышын бекіту батырмасы
- 6 Режимдер селекторының айырақосқышы
- 7 Қосалқы тұтқа
- 8 Тереңдік шектегіші
- 9 Тереңдік шектегішін реттеуге арналған батырма

Техникалық деректері

Перфоратор	
Кернеуі	230 В ~ 50 Гц
Номиналды қуаты	800 Вт
Жүктемесіз жылдамдығы	0-900 мин ⁻¹
Соққылық жүктемесі	Минутына 0-4000 соққы
Соққы энергиясы	3.0 Дж
Құрал ұстағышы	SDS-PLUS
Макс. бұрғылау диаметрі	
- Болат	13 мм
- Ағаш	30 мм
- бетон	26 мм
Салмағы	3.25 кг
Қорғаныс класы	II

Құрастыру

Құралдың өзінде кез келген жұмысты бастамас бұрын желілік штепсельді розеткадан ажыратыңыз.

Қосалқы тұтқа

Құралды тек қосалқы тұтқа көмегімен басқарыңыз.

Қосалқы тұтқаның жайғасымын өзгерту

Қосалқы тұтқа сенімді және аз жалықтыратын жұмыс қалпын қамтамасыз ету үшін кез келген жайғасымға орнатылуы мүмкін.

- Қосалқы тұтқаның төменгі бөлігін сағат тіліне қарсы бұраңыз және қосалқы тұтқаны қажетті жайғасымға бұраңыз. Содан кейін қосалқы тұтқаның төменгі бөлігін сағат тілі бойынша бұрау арқылы қатайтыңыз.

Қосалқы тұтқаның қысқыш таспасы корпуста оған арналған ойықта орналасқанына назар аударыңыз.

Бұрғылау тереңдігін реттеу

Бұрғылаудың қажетті тереңдігін тереңдік шектегішінің көмегімен орнатуға болады.













- Тереңдік шектегішін реттеу батырмасын басып, тереңдік шектегішін қосалқы тұтқаға салыңыз.

Тереңдік шектегішінің бұдырлы беті төмен қаратылуы керек.

- SDS-plus бұрғысын SDS-plus құрал ұстағышына тірелгенге дейін салыңыз. Өзге жағдайда, SDS-plus бұрғысының қозғалғыштығы бұрғылау тереңдігінің дұрыс орнатылмауына өкелуі мүмкін.

- Тереңдік шектегішін бұрғы ұшы мен тереңдік шектегішінің ұшы арасындағы қашықтық қажетті бұрғылау тереңдігіне сәйкес келгенше жылжытыңыз.

Қысқыш патрондар мен құралдарды таңдау

Material	Operating Mode
Concrete 	<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  T Ø 4 - 28 mm SDS plus </div> <div style="text-align: center;">  T SDS plus </div> </div>
Brickwork 	<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  T Ø 40 - 82 mm SDS plus </div> <div style="text-align: center;">  T SDS plus </div> </div>
Steel 	<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  T Ø - 13 mm SDS plus </div> <div style="text-align: center;">  T SDS plus </div> </div>
Wood 	<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  T Ø - 30 mm SDS plus </div> <div style="text-align: center;">  T SDS plus </div> </div>

Перфоратормен бұрғылау және түйгіштеу үшін SDS-plus қысқыш патронына салынатын SDS-plus құралдары қажет.

Ағашта, металда, керамикада және пластмассада соққысыз бұрғылау және бұраншегелерді бұрап бекіту үшін SDS-plus жоқ құралдар пайдаланылады (мысалы, цилиндрлік сағақ бар бұрғылар). Бұл құралдар үшін кілтсіз патрон немесе кілт түріндегі қысқыш патрон қажет.

Құралды ауыстыру

Тозаңқорғағыш қақпақ жұмыс кезінде бұрғылау шаңының құрал ұстағышқа түсуіне жол бермейді. Құралды салған кезде тозаңқорғағыш қақпақты зақымдамауды қадағалаңыз.

Зақымдалған тозаңқорғағыш қақпақты дереу ауыстыру керек. Біз сатудан кейінгі сервиске жүгінуді ұсынамыз.

SDS-plus құралдарын орнату

SDS-plus қысқыш патроны қосымша құралдарды пайдаланбай, бұрғыны оңай және ыңғайлы ауыстыруды қамтамасыз етеді.

- Құралдың сағағын тазалап, ұшын аздап майлаңыз.
- Құралды ұстағышқа ол тарсылмен бекітілгенше салыңыз.
- Құралды тарту арқылы бекітуді тексеріңіз.

Жүйенің талаптарына сәйкес SDS-plus құралы еркін қозғала алады. Бұл бос жүрісте белгілі бір радиалды соққыны тудырады, бұл саңылауды бұрғылау дәлдігіне әсер етпейді, өйткені бұрғылау кезінде бұрғы орталықтандырылады.

SDS-plus құралын алу

- Тоқтатқыш төлкені жылжытып, құралды алып шығарыңыз.

Пайдалану

Жұмыс режимін баптау

Электр құралының жұмыс режимі режим айырақосқышы көмегімен таңдалады.

Ескертпе: Құрал сөндірілген кезде ғана жұмыс режимін өзгертіңіз! Өзге жағдайда құрал зақымдануы мүмкін.

- Жұмыс режимін өзгерту үшін бұғаттан шығару батырмасын басып, режим айырақосқышын қажетті жайғасымға тарсылға дейін бұраңыз.



Бетонда немесе таста **тесуге** арналған жайғасым



Ағашта, металда, керамикада және пластмассада **соққысыз бұрғылауға**, сондай-ақ бұраншегелерді бұрауға арналған жайғасым



Түйгіштеу жайғасымын реттеуге арналған **Vario-Lock** жайғасымы
Бұл жайғасымда режимдер айырақосқышы бекітілмейді.



Түйгіштеуге арналған жайғасым

Айналу бағытын өзгерту

Айналу бағытының айырақосқышы құралдың айналу бағытын өзгерту үшін пайдаланылады.

Құрал тыныштық күйінде болған кезде ғана айналу бағытының айырақосқышын әрекетке келтіріңіз.

Оңға айналдыру: Айналу бағытының айырақосқышын тірелгенге дейін

 жайғасымына бұраңыз.

Солға айналдыру: Айналу бағытының айырақосқышын тірелгенге дейін

 жайғасымына бұраңыз.

Тесу, бұрғылау және түйгіштеу үшін айналу бағытын әрқашан оңға айналуға орнатыңыз.

Қосу және сөндіру

Құралды **іске қосу** үшін қосу/сөндіру айырақосқышын басып, оны басылған жайғасымда ұстап тұрыңыз.

Басылған қосу/сөндіру айырақосқышын бұғаттау үшін бұғаттау батырмасын басыңыз.

Құралды **сөндіру** үшін қосу/сөндіру айырақосқышын жіберіңіз немесе егер ол бұғаттау батырмасымен бұғатталса, қосу/сөндіру айырақосқышын қысқа мерзімде басыңыз, содан кейін оны жіберіңіз.

Электр энергиясын үнемдеу үшін электр құралын пайдаланған кезде ғана оны қосыңыз.

Жылдамдықты/соққылар жиілігін реттеу

Қосылған электр құралының жылдамдығын қосу/сөндіру айырақосқышының қаншалықты қатты басылғанына байланысты реттеуге болады.

Қосу/сөндіру айырақосқышын жеңіл басу төмен айналу жылдамдығына әкеледі. Айырақосқышқа одан өрі қысым түсіру жылдамдықтың жоғарылауына әкеледі.

Сақтандырғыш муфта

Егер құралдың ендірмесі кептеліп қалса немесе сыналанып қалса,

бұрғылау айналдырғысына берілген жетек үзіледі. Пайда болатын күштерге байланысты электр құралын әрқашан екі қолмен мықтап ұстаңыз және дененің тұрақты жайғасымын қамтамасыз етіңіз. Егер электр құралы сыналанып қалса, құралды сөндіріп, құралдың ендімесін босатыңыз. Сыналанған бұрғысы бар құралды қосқан кезде реактивті айналдыру моментінің жоғары шамалары пайда болуы мүмкін.

Практикалық кеңестер

Құралдың өзінде кез келген жұмысты бастамас бұрын желілік штепсельді розеткадан ажыратыңыз.

Түйгіштеу жайғасымын өзгерту (Vario-Lock)

Қашауды 36 жайғасымда бекітуге болады. Осылайша, қолданудың әр жағдайы үшін оңтайлы жұмыс жайғасымын орнатуға болады.

- Қашауды құрал ұстағышына салыңыз.
- Режимдер айырақосқышын "Vario-Lock" жайғасымына бұраңыз.
- Құрал ұстағышын дұрыс түйгіштеу жайғасымына бұраңыз.
- Режимдер айырақосқышын "түйгіштеу" жайғасымына бұраңыз. Енді құрал ұстағышы бұғатталған.
- Түйгіштеу үшін оңға айналу бағытын орнатыңыз.

Бұраншеге бұрағышқа арналған саптамаларды орнату

Электр құралын бұрандаға/сомынға тек сөндірілген күйде жақындатыңыз. Айналып тұрған құралдың ендірмелері секіріп түсуі мүмкін. Бұраншеге бұрағышқа арналған саптамалармен жұмыс істеу үшін SDS-plus сағағы бар әмбебап ұстағыш қажет.

- Адаптер сағағының ұшын тазалап, майламаның жеңіл қабатын жағыңыз.
- Бұрылыс қозғалысымен әмбебап ұстағышты ол автоматты түрде бекітілгенге дейін құрал ұстағышына салыңыз.
- Әмбебап ұстағышты тартып, бекіту әсерін тексеріңіз.

Бұраншеге бұрағышқа арналған саптаманы әмбебап ұстағышқа салыңыз. Бұранданың бастиегіне сәйкес келетін бұраншеге бұрағыш саптамаларын ғана пайдаланыңыз.

- Селекторлық режимдер айырақосқышын "бұрғылау" жайғасымына бұраңыз.
- Әмбебап ұстағышты шешіп алу үшін тоқтатқыш төлкені артқа қарай тартыңыз және құрал ұстағышынан әмбебап ұстағышты шығарыңыз.

Қызмет көрсету және тазалау

Құралдың өзінде кез келген жұмысты бастамас бұрын желілік штепсельді розеткадан ажыратыңыз.

Қауіпсіз және дұрыс жұмыс істеу үшін әрқашан құрал мен желдеткіш саңылауларды таза ұстаңыз.

Зақымдалған тозақорғағыш қақпақты дереу ауыстыру керек. Біз сатудан кейінгі сервиске жүгінуді ұсынамыз.

- Әркез пайдаланғаннан кейін құрал ұстағышын тазалаңыз.
- Егер қоректену баусымын ауыстыру қажет болса, қауіпсіздікке қауіп

төндірмеу үшін мұны уәкілетті сервис агенті жасауы керек.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Құралды кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратпаңыз. Мұның орнына жергілікті қалдықтарды қайта өңдеу орталығынан кеңес алу үшін жүгініп, оны экологиялық тәсілмен кәдеге жаратыңыз. Өтінеміз, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды өте байыпты қабылдаңыз.

EBIC TOOLS LTD

No.109 Software Avenue, Нанкин, Цзянсу, ҚХР.

Қытайда жасалған 2022/09/08

"ST Networks" ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы, Алмалы ауданы, Мұратбаев көш., 180,
201 кеңсе